

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЭКОТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Тұрақты табиғат пайдалану, экологиялық мониторинг, қалдықтарды қайта өңдеу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында инновациялық шешімдерді әзірлеуге және енгізуге бағдарланған, цифрлық құралдар мен кәсіби құзыреттерге ие экотехнология саласында білікті мамандар даярлау.

6B05203 "Тұрақты даму экотехнологиялары" білім беру бағдарламасының бакалаврлары тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғаудың заманауи технологияларына баса назар аудара отырып, іргелі жаратылыстану-ғылыми білім алады.

Студенттер экологиялық, химиялық, биологиялық және инженерлік пәндерді оқиды, табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстарды тұрақты басқару және өндіріс пен қалалық ортаға "жасыл" шешімдерді енгізу технологияларын меңгереді. Олар экотехнология және тұрақты даму саласындағы кешенді міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды алады.

Мектептен кейінгі
ҰБТ пәндері

Биология
География

Гранттар конкурсына
қатысу үшін колледжден
кейін байланысты
мамандықтарға ҰБТ
пәндері

Биология
Химия

Колледжден кейін
университетке ақылы
негізде түсу үшін

Университеттегі
сұхбат

ҰБТ - 50 ШЕКТІ БАЛЛ

Мектептен кейін
және колледжден
кейін туыстас
мамандық
бойынша емес

4 жыл

Колледжден кейін
туыстас мамандық
бойынша

3 жыл

Екінші жоғары білім

2 жыл

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЭКОТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

6B05203 «ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЭКОТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ БАКАЛАВРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- Экология департаменті;
- Қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармалары;
- Өнеркәсіптік кәсіпорындар, Энергетика объектілері;
- Агроөнеркәсіптік кешендер;
- "Жасыл" экономика компаниялары;
- Ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалары.

ЛАУАЗЫМДАР ТІЗБЕСІ:

- экологиялық инженер;
- экотехнология маманы;
- қалдықтарды қайта өңдеу технологы;
- тұрақты даму саласындағы жоба менеджері;
- зертханалық эколог;
- эколог-талдаушы;
- тұрақты даму саласындағы маман;
- жаңартылған энергия жөніндегі маман;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі маман;
- кіші ғылыми қызметкер.